

Ташкенбаева Б.Ж.

**Кореядағы діни синкретизм
ерекшеліктері**

Мақалада Кореядагы дәстүрлі діндердің өзара және жергілік сенімдермен діни синкретизмге тұсу сипаттары мен ерекшеліктері қарастырылған. Кореядагы діни синкретизм буддизм мен даосизмге тән болды. Әсіресе олардың жергілікті діни сенімдермен өзара арасында күштірек болғаны ашып көрсетіледі. Христиан дінінің кеңінен таралуы да оның шаманизмнің кейбір діни ғұрыптарын қабылдаудан болғандығы, сондай-ақ, синкретикалық, сипат түбекте 19 ғасырдың аяғында пайдада болған жаңа діндерге тән екені туралы тұжырым жасалады. Бұл құбылыс корей халқының қоғамдық ой-санасына, дүниетанымына және дәстүріне ықпалын тигізді.

Түйін сөздер: синкретизм, Корея, культ, буддизм, даосизм.

Tashkenbayeva B.Z.

**Features of religious syncretism
in Korea**

Ташкенбаева Б.Ж.

**Особенности религиозного
синкретизма в Корее**

The article touches upon the issue of mingling of traditional religions in local religious beliefs and starting to show syncretic features. In Korea religious syncretism has related to buddhism and daoism, especially they are mutually mixed up with their local beliefs of people religious was strong enough. That is why the reason for well-spreading of christian religion that some moments were taken from shamanism. Moreover, from what the author says it becomes clear that the syncretic feature also influenced to new religions, which came into later. The following conclusion is drawn that all this circumstances had an effect on thought of society, people outlook and tradition.

Key words: syncretism, Korea, cult, Buddhism, Taoism.

В статье рассматриваются особенности и характер религиозного синкретизма между традиционными религиями и местными верованиями Кореи. Религиозный синкретизм в Корее был присущим буддизму и даосизму. Особенно их смешение с местными религиозными верованиями было очень сильным. И причиной широкого распространения христианской религии было в том, что некоторые элементы были взяты от шаманизма. Автором затрагивается синкретический характер новых религий, которые появились на полуострове в конце 19 века. Это явление повлияло на общественную мысль, мировоззрения и традиции корейского народа.

Ключевые слова: синкретизм, Корея, культ, буддизм, даосизм.

Ндердің өзара және жергіліктерде сипаттары мен ерекшеліктерінде буддизм мен даосизм деңгейлердің діни сенімдермен өзара ара-еңді. Христиан дінінің көлінен діни тұрыттарын қабылдаудың сипат түбекте 19 ғасырде тән екені туралы тужырымын қоғамдық ой-санасында дүниегізді.

Болашақ, буддизм, даосизм.

ingling of traditional religious concretic features. In Korea religion, especially they are people religious was strong in comparison with Christian religion that moreover, from what the culture also influenced to now conclusion is drawn that society, people outlook is Taoism.

Арактер религиозного и местными верованиями был присущим буддистским религиозными широкого распространения, некоторые элементы которых в конечном итоге, мировоззрение буддизма, даосизма.

43(519)

КОРЕЯДАҒЫ ДІНИ СИНКРЕТИЗМ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ташкенбаева Б.Ж.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Казахстан Республикасы, Алматы қ. E-mail: arabkaznu@mail.ru

Корей діндерінің тарихында шығыстың үш классикалық діні конфуцийшілдік, буддизм мен даосизм манызды орын иеленеді. Сондай-ақ, XIX ғасырда таралған батыстың христиан діні де корей қоғамында өз орнын тапты. Шығыстың үш діні Корей тубегіне үш мемлекет – Когуре, Пэкче, Силла тұсында, шамамен IV ғасырларда енді. Бұл уақытта түбекте қоныстанған көптеген корей тайпаларының алғаш рет басы бірігіп, мемлекеттілігі қалыптасып жаткан тұс еді. Корейлердің өзіндік халық, этнос болып қалыптасуда рухани дүниесінің өзегін құраган түрлі түсініктері, наным-сенімдері болды. Дегенмен, Қытайдан келген дін мен мәдениет корей халқының дүниетанымын ба-рынша кенейтіп қана қойған жок, барлық жағынан тарихи үй-лестіруші қызыметін атқарды. Сондықтан ол түбекте дәл қажет кезінде пайда болып, еш қарсылықсыз қабылданды.

Кореяның дін тарихында үш дін жеке-даралығын сақтағынанмен, тарихи даму барысында олар өзара да және жергілікті сенімдермен де қатарласып, қабаттасып, кей тұсында бірігін те кетті. Өйткені, конфуцийшілдік, даосизм мен буддизм көптеген ғасырлар бойы өзара жақын өмір сүрген діндер және олардың әрқайсысының өз орны бар. Мысалы, конфуцийшілдік этика мен әлеуметтік-отбасылық қатынастарда басым болса, даосизмнің магияшылдығы, құдайлары мен рухтары сезім салаларына бағытталды, ал буддизм күнән кешіру, болашақ өмір туралы киялдарға иек артты. Сөйтіп, олар өзара бірін-бірі толықтырып, адамдардың наным-сенімдері шенберінде қалыптасты. Әрине, каранайым халық бұл сенімдердің арасындағы айырмашылыққа мән берген жоқ және өз тілектерінің орындаудын сұрап, негүрлым көп құдайға табынуга дайын еді. Тек осы ілімдерді берік ұстанған, білім иелері – даостар мен буддалық монахтар ғана өз ілімінің төлтума ерекшеліктері мен ережелерін қатаң сақтады.

Қытайда ұзак ғасырлар бойы қалыптасып, таралу барысында бұл діндер өзара және жергілікті халықтың сенімдерімен де синкретизмге ұшырады. Бұл тақырыпты зерттеген ғалымдардың көшілігі Қытайдағы діни синкретизм негізінен буддизм, даосизмнің жергілікті наным-сенімдердің арасында болған деп пайымдайды [1, 363 б.]. Сол синкретизмге ұласқан қалпында Корея жеріне келді. Сондай-ақ, бұл діни жүйелердің магына-

сы корейлердің діни түсініктемен ұқсас келуі бұл елге орнығына өз септігін тигізді. Айталық, Кореяда конфуцийшілдік мемлекетті басқару идеяларының артықшылығымен қоса оның рәсімдерді орындаудағы діни рөлі жергілікті халықтың ұлы ата-бабага, аспанға табыну және басқа сенімдеріне өте ұқсас жақын болды. Корей азыздарында айтылатын алғашқы мемлекеттердің негізін салушылар арғы тек, алғашқы ата-баба саналып, оларға арнап құрбандық шалынып отырған. Бұл кейін ата-баба культине айналған. Сондықтан конфуцийшілдікке дейін Кореяда ата-баба культи басты орында тұрган еді. Жалпы Шығыс Азия елдерінде ата-баба культине табыну маңызды екенін білеміз, ол қытайлық Конфуций ілімнен бұрын да болған. Конфуцийшілдік бұл культке өзінің «ұлдың парызы» қағидасымен және өткен ата-бабаға құрметпен қарауды, оған арнап түрлі рәсімдер үлгісін енгізу арқылы қүшетті әрі жаңа серпін берді. Парыз – конфуцийшілдіктің басты қағидаларының бірі, осы тұрғыда ол корейліктердің көзқарасына әбден сәйкес келді. Сондықтан бұл тұрғыда Кореядагы конфуцийшілдіктің синкретизмге ұшырауы мүлде байқалмай да қалған сияқты.

Кореядагы жат жерлік діндердің діни синкретизмі конфуцийшілдіктен горі буддизм мен даосизмге кобірек тән болды. Алдымен Кореядагы буддизмге тоқталар болсақ, оның да келуі түбектегі мемлекеттердің қалыптасу тарихымен бірге басталды. Оның өзінде Кореяға буддизмнің қытайлану үрдісін басынан кешкен түрі енді. Ол өзімен қағидалары қайши келетін конфуцийшілдікті мойындағы. Ал Қытайдың түрлі діни-мәдени, рухани түсініктемі жинақталған даосизммен де үйлесуге тырысты. Сондықтан бұл мәселеде буддизмнің даосизммен, жергілікті басқа да сенімдерді бойына сіңіріп, араласуы құшті байқалды. Қытайдың буддизмі уағыздаушылары бұрынға конфуцийшілдік, дао ілімдерімен өте жақын таныс болғандықтан да оны осы ілімдерге жақындағы түсіндіруі, діни синкретизмге ұшырауына да экелген сияқты. Міне, сондықтан буддизмнің басқа ілімдермен құреспей, қайта ымыраласуға және оны өз бойына сініруге деген бейімділігі оның кең таралуына септігін тигізді және бұл қасиетінің арқасында әлемдік дінге де айналды. Буддизм Қытай қоғамы өзін қабылдауы үшін жергілікті сенімдер жүйесімен қалай діни синкретизмге түссе, дәл Кореяда да осы жағдайда қолдануға әзір болды.

Кореяда да буддизм өзінің храмдарына жергілікті діни сенімдердің өкілдерін тартуда түрлі тәсілдерді қолданды, мысалы, ол жергілікті

құдай – басқаша бейнедегі Будда деп сендірді. Осылайша буддизм дінбасылары жергілікті халықтың сеніміне кірді, ал адамдар біртінде буддизмнің қасиетті ақиқатына иланды. Буддизмнің тақуалығына қайши келетін мәселеден де жол тауып, шыға білді. Будда ілімі үшін жасалған қайырымдылық іс ата-ананың о дүниедегі өміріне игі әсері тиеді деп түсіндірді. Қайырымды ұлдардың алдында буддизмнің гүлденуіне ықпал ете отырып «парызын» өтеуіне шексіз мүмкіндік ашылды [2, 13 б.].

Корейлердің рухтар, о дүние туралы түсініктемі жинақталған шаманизмдегі ата-бабаның жер астындағы әлемі туралы түсініктемі буддизмнің аспандагы жұмабымен керемет астасып кетті. Тіпті ежелгі тотемдік түсініктегі сеніммен өлген адамның жаны жануарға немесе буддизме жақын жанның қайта туылуы бойынша қайта омірге келеді деген сенім кеңінен тарады. Қазіргі күнге дейін корейлердің көшпілігі оған иланады.

Буддизмнің діни жүйесі мемлекеттің қүшеттіп алғаннан кейін де ежелгі діни түсініктемдері ығыстырып шығара алмады. Керісінше буддизм біріншіден жергілікті сенімдерді белгілі бір деңгейде байытса, екіншіден оның ықпалымен өзі де өзгеріске ұшырады, нәтижесінде халық сенімдері мен буддизм уақыт өте келе бір-біріне барынша жақындаі түсті [3, 24 б.]. Жергілікті культтармен жақындаусы буддизмнің діни салт-рәсімдерінде, храмдарында діни синкретизм көрінісінде байқалды. Ертедегі үш мемлекеттің бірі Когуреда будда храмдары, пагодаларымен бірге руды қорғап, қолдаушы рухтарға арнап құрбандық шалатын ғимараттар салынды. Біріккен Силла (676-918) кейінгі буддизмнің гүлденіп, мемлекеттік идеологияға айналған Коре (918-1392) кезінде болсын мемлекетте аспандық шалу рәсімдері жүргізілген. Чосон династиясы (1392-1910) кезінде буддизм билік тарапынан күдалауға ұшыраған тұста дінбасылар дінді сақтап қалу үшін жаңа жол іздеуге мәжбүр болды. Бұл кезенде жергілікті сенімдердің буддизммен тіл табысып, буддалық храмдардың қол астында белсенді әрекет етуі тіпті қүшеттіп жүргізілген еді. Самсонгак (Үш Рухани Зал) – шаман құдайларына тағым ететін ғимарат; Чхильсонгак (Жетің жұлдызы Залы) – Үлкен аю шоқжұлдызына арналған даолық қасиетті орын да буддалық храмдардың ішінде болды. Шамандық рәсімдер храм ішінде жиі өткізілген, будда монахтары да шаман рәсімдерін үйымдастыруға белсене қатынасқан. Әлі күнге дейін Онтүстік Кореядагы кейір буддизм ғибадатханаларында шаманизмнің көріністері сақталғанын байқауға болады.

Мұндағы синкретикалық сипат сол заманың көптеген ойшылдарының рухани дүниетанымының қалыптасуына әсерін тигізді. Біріккен Силла тұсындағы Чхун Дам ақынның будда монахы бола тұра конфуцийшілдік ілімді де зерттеген. Өзінің өлеңінде Кун-цы іліміндегі «бес ереже» өсietтің дәрінеген өлең жолдары сақталынған. Силла мемлекетінің сонында өмір сүрген То Сон буддизм ойшылы өз ілімін геомантиямен байланыстырган. Оның ойынша будда шіркеулері немесе Буддага табынатын орындар сол географиялық жердің әлсіз жақтарына жақсы жағынан ықпал етеді. Бұл буддизм мен геомантияның ең бір сәтті біріккен тұсы осы болса керек.

Ал Коре мемлекеті тұсындағы билікке қарсы котеріліс бастаған атымен тарихта қалған Мечхон монахының діни ілімінде де буддалық дормалар мен геомантиялық болжамдар жасау ымыраласып, біріккен. Бұл идеялар конгломераты «ымян чирисолъ» атымен біртұтас гемантиялық тұжырымына біркіті. Онда конфуцийшілдік, буддизм, даосизм діндерінің геомантия, тауга табыну күltі сияқты халықтық сенімдердің курделі қосындысы біргіп, буддалық дін болды.

Кореяға үш патшалық тұсында енген даосизм де Кореяда конфуцийшілдік, буддизм сияқты айтарлықтай өзгерістерге үшінады және белгілі деңгейде корейлендірілген, яғни корейлердің діни, ұлттық дүниетанымының ерекшеліктеріне сай бейімделді.

Үш мемлекеттің билеушілері даосизмді қолдаумен бірге конфуцийшілдік пен буддизмнің ықпалын тежеуді қөздеді, сол арқылы осы жатжерлік үш діннің қандай да бір уақытша тепе-тендігін сақтауға қол жеткізгілері келді. Оған Когуре тұсынан келе жатқан «Үш діни сенім ошактың үш аяғы іспеттес» деген теңеу нақылданған айтылуы да бекер емес сияқты.

Даосизм аспан күltіне және мемлекет пен билеушіні сақтау, қоргауды сұрап жалбарынумен байланысты мемлекеттік ғұрыптар төнірептіне шоғырланды. Сондай-ақ тау рухы күltі, қарапайым адамдардың дүниеауди өмірде жеке басының бакытқа, дәүлетке ие болуын тілеуі сияқты халықтың сенім-нанымдарына да енді. Алайда, Кореяда даосизм екі ілім сияқты мықты деңгейде дами қоймады, жаңа кезеңде жеке дін ретінде мұлде әлсіреп, ол философиялық тұрғыда ғана қарастырылды. Дегенмен, даолық ұзак өмірді тілеу тәжірибесі әлі күнге дейін сақталып келеді, мысалы, ол жаңа жыл қарсаңында мерең келік тұнді ұйқысыз өткізу салтынан байқалады.

Алғаш осы үш ілімнің басын қосқан «пхуню» ілімі 6-ғасырда Силлада пайда болды. Мұны

Кореядың үш діннің бірігуінің, өзара байланысының бастамасы болды деуге болады. Жастарды тұрлі өнерге оқытып, үрететін хварандар мектебінде осы үш ілімнің басты қағидалары басшылыққа алынды. Олар Силлада үйлесімділік рухы ретінде өмірлік кредитога және кейіннен коғамның, мемлекеттің, жеке тұлғаның басшылыққа ұстанатын принциптеріне айналды.

Кореяның діндерінің тарихындағы еңбегінде «дәстүрлі діндердің синкретизмі өзара емес, тек корей шаманизмімен болды» деп санайтын Г.Н. Ким тіпті христиан діні одан тыс қалмады деп санайды. Кейір корейлік ғалымдар да Оңтүстік Кореяда христиан діннің табысқа жетуі – бұл христиан діннің шаманизмі тез арада қабылдауы деп есептейді. Өйткені діндарлар «Киелі рухтың» рөлін котермелеп, дертінің дауасын діннен табуга шақырган шіркеулерде ерекше білінеді [4, 68 б.]

Кореядың діндердің озара жақындаусы синкретизмі 19-ғасырдан бастап дами бастады.

Олардың көшілігі XIX ғғ. 60-жылдары пайда болған Тонхак ілімінен өсін шыққандар. Тонхак қозғалысы XIX ғ. ортасында қоғамдагы әлеуметтік-экономикалық мәселелердің туындауынан пайда болды. Бұл жаңа діни ілімді сол кезде корейлер «Батыс ілімі» деп атаган христиан дініне қарсы «Шығыс ілімі» дегенді білдіретін Тонхак деп аталаған еді. Жаңа ілімнің негізін салушы Чхве Чже У синкретті жолды таңдады және «Біздің жолымыз конфуцийшілдік те, буддизм де, даосизм де емес, біздің жол – үш дінді бірдей үштастыру», деді. Дегенмен, синкретизм бірнеше ғасырлар бойы корей діндеріне тән сипат болғанымен, Тонхак қозғалысы осы тенденцияны түсінуге бірінші болып кадам жасады. Оның неғізін салушы Чхве сөзінде келтірілгендей, ол өзінің діни жүйесіне «конфуцийшілдік этиканы, буддизм үрететін табиғатты қабылдау қасиетін және энергияны қолданудағы даолық жетістіктерді» үйлестіре отырып енгізді. Тіпті католик дініне қарсы шығып отырса да, одан Құдайдың тұлғалық идеясын алған. Кейін бұл қозғалыс жапон отаршылдарына қарсы күресте Чхондогे деп атпен корей халқының ұлттық-дініне айналды.

Кореяды XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында қалыптасқан діни секталардан да қандай да бір дәрежеде синкретизмі байқауга болады. Әсіресе копшілікке танымал Ильсимге, Тәчжонге, Мурен Чхондо, Тодокхве және Чонельхве сияқты кейінгі жаңа діндердің барлығында бар. Бұл діндердің көшілігі конфуцийшілдік этика козқарастарын, буддизмдік рә-

сімдерді және діни практикада даолық әдістерді колданады.

Чхонджок, Какседон секталарының доктринасы дәстүрлі діндермен қоса христиан дінінің элементтерінен тұрады, бірақ бұл діндердің неғізгі қагидалары мойындалмайды. Оган сенушілер «аспаннан кейінгі дәуірдің» күнә мен қайғыдан азат жұмактың орнауын күтеді.

Тағы да бір 1901 ж. негізі қаланған Чхунсанг синкретті сектасын (Чхунсан идеясын зерттеу Ассоциациясы) ерекше айтып өтуге болады. Чхунгсан көрнекті корейлік синкретист ретінде кеңінен танымал. Бұл сектада конфуцийшілдік, буддизм, чхондоге, чхонджак ілімдерінің элементтері, инь мен ян космостық қагидалары, геомантия және басқа да нағым-сенімдер жинақталып, керемет орын тапқан. Чхунсангенің негізгі мақсаты жалпыкорейлік құдайды жариялау, тұрлі діни конфессияларға жататын халықты біріктіру болды.

Қазіргі уақытта Кореяда «жаңа діндер» деген ортақ атаумен аталатын түрлі қозғалыстар мен ілімдер бар. Мұндай жаңа діндердің саны шамамен 250-ден асады, алайда олардың көпшілігінің

курамы өте аз және елдің конфессиялық өмірінде айтарлықтай рөл атқармайды. Бұл жаңа шіркеулер мен қауымдарды олардың негізіне қандай әлемдік дін алынганына карай шығу тегі бойынша топтастыруға болады. Бұл діндердің басым бөлігінің идеологиясы синкретикалық сипатқа ие деуге келеді.

Сонымен қорыта келгенде, корей халқының діни санасында бірнеше діннің қағидалары мен идеялары араласқан болып шықты. Еуропа немесе Таяу Шығыс елдеріндегі тек христиан мен ислам сияқты бір діннің саяси, діни тұрғыда үстемдік етуі болмаған. Қыыр Шығыс елдеріне тән осы діни синкретизмінің болуы ол діндердің таралуы үшін жасаған стратегиясы ғана емес, сонымен бірге ол халықтың өз қалаудың жасалып, әр діннің керек тұсын алу ерекшелігі мен мемлекет билеушілерінің белгілі бір дінге қатысты колдау көрсетіп отыру саясаты да осы жағдайда болуына ықпалын тигізді. Қазіргі заманда да корейлердің шаманизм, конфуцийшілдік, буддизм, даосизмінің дүниетанымына негізделген әлеуметтік-мәдени тұрмыс тірнілігі соның жарқын мысалы болады деп ойлаймыз.

Әдебиеттер

- 1 Тертицкий К.М Китайские синкретические религии в ХХ в. – М., 2000. – С. 36.
- 2 Мартынов А.С. Государство и религия на дальнем Востоке // Буддизм и государство на Дальнем Востоке. – М., 1987. – С. 13.
- 3 Волков С. В. Ранняя история буддизма в Корее. – М., 1985. – С. 24.
- 4 Ким Г.Н. История религий Кореи. – Алматы, 2001. – С. 68.

References

- 1 Tertickij K.M Kitajskie sinkreticheskie religii v HH v. – M., 2000. – S. 36.
- 2 Martynov A.S. Gosudarstvo i religija na dal'nem Vostoke // Buddizm i gosudarstvo na Dal'nem Vostoke. – M., 1987. C. 13.
- 3 Volkov S. V. Rannjaja istorija buddizma v Koree. – M., 1985. – S. 24.
- 4 Kim G.N. Istorija religij Korei. – Almaty, 2001. – S. 68.



ӘЛ-ФАРАБИ атындағы КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ AL-FARABI KAZAKH
NATIONAL UNIVERSITY

ХАБАРШЫ
ДІНТАНУ СЕРИЯСЫ

ВЕСТНИК
СЕРИЯ РЕЛИГИОВЕДЕНИЯ

BULLETIN
RELIGIOUS STUDIES SERIES

2(2)2015

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

- Абжалов С.У. – философия ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
- Абылов Т.Т. – Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің магистранты
- Агелеуова А.Т. – философия ғылымдарының кандидаты, Қазақ спорт және туризм академиясының доценті
- Аликбаева М.Б. – философия ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
- Аликбекұлы А. – филология ғылымдарының кандидаты, М.О. Өуезов атындағы Әдебиет және онер институты
- Бағашаров К.С. – PhD доктор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
- Байтепекова Н.Ж. – философия ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
- Бейсенов Б.Қ. – философия ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
- Досай Кенжетай, философия ғылымдарының докторы, теология PhD докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ҰУ
- Дүйсенбаева А.Қ. – PhD доктор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
- Игисенова А. – философия магистрі, Алматы технологиялық университеті
- Ишмаханов Ж.Ж. – Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті
- Курмангалиева Г. – философия ғылымдарының докторы, ҚР БФМ ФК Философия, саясаттану және дінтану институты
- Лукпанов А.И. – философия ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
- Сатершинов Б.М. – философия ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БФМ ФК Философия, саясаттану және дінтану институты
- Сейтахметова Н.Л. – философия ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БФМ ФК Философия, саясаттану және дінтану институты
- Танабаева А. – PhD докторант, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
- Ташкенбаева Б.Ж. – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Шет ел басылымы

Ahmet Taşgin, Prof. Dr., Necmettin Erbakan University, Faculty of Humanities and Social Sciences, Department of Sociology (Meram / Konya/Türkiye)

Хазиев В.С. – философия ғылымдарының докторы, профессор, М. Акмулла атындағы Башқұрт мемлекеттік педагогикалық университеті